ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 22 тамыз Іс №7119-24-00-2/10280 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Қ.Б.Сәрсекеев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "11567 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Смағұл" жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану мен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

"Смағұл" жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Смағұл" жеке кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыбы 4 000 (төрт мың) теңге және мемлекеттік баж соммасы 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана

Документ подписан: Сарсекеев К. Б., 22.08.2024
Дата вступления в законную силу: 30.09.2024, судья Сарсекеев К. Б., 28.10.2024
7119-24-3-1/9920

қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Қ.Б.Сәрсекеев

Документ подписан: Сарсекеев К. Б., 22.08.2024

Дата вступления в законную силу: 30.09.2024, судья Сарсекеев К. Б., 28.10.2024

7119-24-3-1/9920